

Нурсейтова Г.Б., Есенгелді А.

**Адам ресурстарының дамуы  
Қазақстан Республикасының  
бәсекеге қабілеттілігін  
көтерудің факторы ретінде**

Адам ресурстары денсаулық жағдайы, қауіпсіздігі және қоршаған орта жағдайын ескере отырып, тұрғындардың ұдайы өсу үдерісін көрсететін, олардың қалыптасқан өмір сүру жағдайындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін айқындайтын көрсеткіштер жүйесімен сипатталады. Қазіргі кезде адами ресурстарды дамыту мәселесі біздің мемлекет үшін өзекті болып табылады. Мемлекеттің жұмыс күшінің сапасы мен өнімділігін көрсететін білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау көрсеткіштері болып табылады. Экономикалық өсудің нақты факторы және ұлттық байлықтың ерекше буыны болып табылатын адами ресурстарды дамыту мен қалыптастыру ерекше маңызға ие. Адам ресурстарына халықтың жайлылығы мен байлығын қамтамасыз ететін көрсеткіштерді жатқызуға болады. Адам ресурстарын ұдайы дамыту үшін тәрбие беру, білім беру, денсаулығын нығайту шығындарын қамтитын және адамдардың жұмысқа қабілеттілігін көтерудің басқа факторлары, еңбекке қабілетті кезеңді ұлғайтатын және жайлы өмір сүру үшін басқа да жағдайларды қамтитын факторларға жыл сайын көп қаражат жұмсалып отырады. Бұл өз кезегінде, қоғамдық еңбек өнімділігінің ұлғаюына және халықтың өмір сүру деңгейінің көтерілуіне алып келеді.

**Түйін сөздер:** адам ресурстары, адам капиталы, тұрақты даму, адам капиталының даму көрсеткіштері, бәсеке қабілеттілік.

Nurseitova G.B., Yessengeldi A.

**Development of human  
resources as a factor of  
increasing the competitiveness of  
the Republic of Kazakhstan**

Human resources are characterized by the system of indicators, reflecting the processes of reproduction of the population, their ability to meet the needs of life under the circumstances, given the state of health, safety and the environment. Nowadays the development of human resources is relevant for our country. Indicators of education, culture and health reflect the performance and quality of human resources. Formation and development of human resources are particular important as they represent the real factor in economic growth and special link of national wealth. Human resources include indicators that provide well-being and comfort of living. The reproduction of human resources expended considerable funds annually, including the cost of operation of the system of upbringing, education, health promotion and other factors increase the performance of people, increasing the working time and other aspects of the favorable conditions for life. This, in turn, leads to an increase of labor productivity growth and living standards.

**Key words:** human resources, human capital, sustainable development, indicators of development of human capital, competitiveness.

Нурсейтова Г.Б., Есенгелді А.

**Развитие человеческих  
ресурсов как фактор  
повышения  
конкурентоспособности  
Республики Казахстан**

Человеческие ресурсы характеризуются системой показателей, отражающей процессы воспроизводства населения, их возможности в удовлетворении потребностей при сложившихся условиях жизнедеятельности, с учетом состояния здоровья, безопасности и состояния окружающей среды. В настоящее время развитие человеческих ресурсов является актуальным для нашей страны. Показатели образования, культуры и здравоохранения отражают производительность и качество трудовых ресурсов. Формирование и развитие человеческих ресурсов, которые являются реальным фактором экономического роста и особенным звеном национального богатства, имеют особенную важность. К человеческим ресурсам можно отнести показатели, обеспечивающие благосостояние и комфорт жизни населения. На воспроизводство человеческих ресурсов ежегодно расходуются значительные средства, включающие расходы на функционирование системы воспитания, образования, укрепление здоровья и других факторов повышения работоспособности людей, увеличение трудоспособного периода и другие стороны условий для благоприятной жизнедеятельности. Это, в свою очередь, ведет к повышению производительности общественного труда и росту уровня жизни населения.

**Ключевые слова:** человеческие ресурсы, человеческий капитал, устойчивое развитие, показатели развития человеческого капитала, конкурентоспособность.

**АДАМ  
РЕСУРСТАРЫНЫҢ  
ДАМУЫ ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БӘСЕКЕГЕ  
ҚАБІЛЕТТІЛІГІН  
КӨТЕРУДІҢ ФАКТОРЫ  
РЕТІНДЕ**

ҚР Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында көзделгендей, Қазақстанның тұрақты дамуы және әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына ену бойынша міндеттерді жүзеге асыру отандық экономиканы жетілдіруге негізделуі керек. Президент елдің дамуы барлық қазақстандықтардың білім деңгейіне, әл-ауқатына, әлеуметтік және табиғи жағдайына тікелей байланысты екенін атап көрсетеді. Сонымен, экономикалық өсудің нақты факторы және ұлттық байлықтың ерекше буыны болып табылатын адами ресурстарды дамыту мен қалыптастыру ерекше маңызға ие [1].

Соңғы жылдары байқалып отырған ғаламдық экономикалық дағдарыстық құбылыстар көптеген адамдардың экономикалық мүдделерін қозғады, олардың тікелей материалдық әл-ауқаттарына, тұтыну деңгейіне және өмір сүру дәрежесіне, еңбек белсенділіктеріне және әлеуметтік жағдайларына әсерін тигізді. Қазақстанның дағдарыс жағдайынан шығуы және оның алдағы уақытта сәтті дамуы өңірлердің қайта құрылуы арқылы жүзеге асырылатыны айқындалып отыр. Әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асыру ауыртпашылығының орталығы өңірлер мен қалаларға ауысты, олар жаңа тұрақты дамуға көшу мәселесін шешуде маңызды рөлге ие болуы тиіс. Ал өңірлердің тұрақты дамуы өз кезегінде өндірістің негізгі факторларын жүзеге асыру есебінен ғана қамтамасыз етіле алмайды, ол қазақстандық қоғамның құндылықтарын қалыптастыру және дамытуға жағымды серпін енгізе алатын білімдер мен жаңа технологиялардың, адами ресурстарды қалыптастыру және қолдану негізінде жүзеге асырылады. Себебі адами ресурстардың өндірістік үдеріске қатысу дәрежесі кез келген мемлекеттің дүниежүзілік экономикада оның мүмкіндігі мен рөлін анықтайтын бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторы болып табылады. Яғни, бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық және аймақтық даму, халықтың өмір сүру деңгейі және жұмыспен қамту мәселелері маңызды болып табылады.


Адами ресурстардың дамуын бағалауда Біріккен Ұлттар Ұйымындағы статистикалық комитеттің зерттеуі бойынша адамның даму индексі көрсеткіші негіз болып табылады. Адами

ресурстардың сапасын арттыруда салыстырмалы түрде барлық елдерде үш көрсеткішпен бағаланады:

Бірінші – өмір сүру ұзақтығы. Өмір сүру ұзақтығы – осы ұрпақтың бүкіл өмірі бойында әр жастағы өлім деңгейі осы уақыт кезеңіндегідей болып қалған жағдайда, ұрпақтан туған бір

адамның алдағы уақытта өмір сүретін орташа жас саны.

Төмендегі диаграммада БҰҰ-ның 2012 жылғы мәліметтері бойынша дүниежүзілік елдердегі өмір сүру ұзақтығы индексі салыстырмалы түрде берілген: Мұнда Қазақстан 194 мемлекет ішінен 138 орынға ие болып отыр (1-сурет).



1-сурет – Әлем елдері арасындағы өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші

\*Ескерту – [2] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

Қазақстанда өмір сүру ұзақтығы: 2012 жылы 69,6 жасты құраса, соның ішінде ер адамдар 64,84, әйел адамдар 74,33 жасты құрады. Бұл көрсеткіш 2013 жылы 1,2%, яғни, 70,45 жас мөл-

шерінде болды. Соның ішінде, ер адамдар, 65,75, әйел адамдар 75,06 жасты құрады. Елімізде өмір сүру көрсеткіші 2009-2013 жылдар аралығында 3% өскенін көрсетеді (2-сурет).



2-сурет – Қазақстандағы өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші

\*Ескерту: әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған [4]

2013 жылғы көрсеткіш бойынша Қазақстандағы ең жоғарғы өмір сүру ұзақтығының деңгейі Астана қаласында (74,29 жас, оның ішінде ер адамдар 70,63 жасты, әйел адамдар 77,53 жасты), ең төмен деңгейі Солтүстік Қазақстан облысында (68,08 жас, оның ішінде ер адамдар 62,58 жасты, әйел адамдар 73,90 жасты) құрады.

Халықтың өмір сүру ұзақтығы елдегі демографиялық көрсеткіштерді анықтайтын маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Сәйкесінше, 2013 жылы ағымдағы есеп бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны 16909,8 мың адамды құрады. Адамның даму индексінің келесі көрсеткіші – халықтың

сауаттылық деңгейінің көрсеткіші. БҰҰ-ның 2010 жылғы әлем елдері арасында сауаттылық индексінің көрсеткіші бойынша жүргізген зерттеуі нәтижесінде Қазақстан 23 орынды иемденеді яғни 0,965 индексті құрады.

Қазіргі білім беруді қаржыландыру жағдайына жасалған талдау төмендегідей қорытындылауға мүмкіндік береді. Яғни, жоғары білім берудің қазақстандық жүйесін табысты реформалау, оны еуропалық білім беру кеңісті-

гіне интеграциялау ең алдымен жоғары білім беру саласын мемлекеттік қаржыландыруды ұлғайтуды талап етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік білім беру гранттарын айрықша көбейту, экономиканың индустриалды жаңашыл дамуындағы басым бағыттары бойынша мемлекеттік тапсырысты кеңейту қажет.

Тиісінше елде білім беру саласына жұмсалынған мемлекеттік қаражаттар төмендегідей болып отыр (3-сурет):



3-сурет – Мемлекеттік бюджеттен білім беру саласына бөлген қаражат көлемі

\*Ескерту: [4] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

Мемлекеттік бюджеттен білім беру саласына 2012 жылы 1210,1 млрд теңге бөлінсе, өткен жылы 1237,4 млрд теңгеге ұлғайып, 2,2%-ға артты. Бірақ, бұл статистика мәліметтерінің көрсеткіштері ғана. Шындығына келгенде, қазіргі уақыттағы көптеген жұмыс берушілер жоғары оқу орындары оқытып шығаратын мамандар сапасына қанағаттанбайды. Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің күткен нәтижелеріне жауап бермейді және экономика талаптарына сәйкес келмейді.

Адами ресурстарды бағалаудың үшіншісі көрсеткіші – жалпы ішкі өнімнің жан басына шаққандағы үлесі. Мәселен, әлемде жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 100 доллар мен 44 мың доллар арасында ауытқиды. 2012 жылы Бүкіләлемдік банктің жүргізген зерттеуіне сүйенетін болсақ, Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша орташа деңгейге ие екен (4-сурет).

Қазақстандағы ЖІӨ көрсеткіштеріне тоқталсақ: 2013 жылы халық саны 16,9 млн адамды құраса, номиналды жалпы ішкі өнім көлемі 32079,1 млрд теңге болды. Бұл көрсеткіш 2009 жылмен салыстырғанда 47%-ға артып отыр. 2012 жылы жалпы ішкі өнім көлемі 30218,5 млрд теңгені құраса, 2013 жылы бұл көрсеткіш


1860,6 млрд теңгеге, яғни 32079,1 млрд теңгеге артқан. Жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім көрсеткіші 2013 жылғы мәлімет бойынша 1969,6 мың теңгені құрайды. 2009 жылға қарағанда 46,3%-ға артып отыр (5-сурет).

Осы үш көрсеткіш бойынша БҰҰ статистикалық комитет жылдар бойынша әлем елдеріндегі деректерді саралап отырады. «Бүкіләлемдік экономикалық форум – 2013» алғаш рет адами ресурстардың даму индекстерінің көрсеткіші жарияланды. Онда әлемнің 122 елдері арасында талдау жүргізіліп мәліметтер анықталған (6-сурет). Оның негізін қалаушы Бүкіләлемдік форумының аналитикалық зерттеу тобының мәліметтеріне сүйенетін болсақ, әлемдік елдер арасында Қазақстан 45 орынды иемденген, біздің ойымызша бұл өте жақсы көрсеткіш, Ресей мемлекеті 51 орынға тұрақтаған [2].

Бүгінгі таңда дамыған елдерде ұлттық байлықтың 72,2 пайызын адами ресурстары құрайтынын ескерсек, біздің елімізде қолға алатын мәселелер әлі де аз еместігін байқауға болады. Адами ресурстар тұрғысынан ғылымға, білімге, бір адамға жұмсалатын қаржыны есептегенде біз әрине, әлі де болса жоғары деңгейге көтеріле алмай отырмыз. Бүгінгі таңда тек білім-ғылым, жаңа техноло-


гия салаларына бөлінетін қаржы Американың ішкі жалпы өнімінің 26 пайызын құрайды екен. Ресейде бұл көрсеткіш – 8 пайыз болса, Қазақстанда – 6,5 пайыз. Қазақстанда индустриялық-инновациялық бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Осыған орай жоғары деңгейлі мамандар ауадай қажет.

Міне, сондықтан адами ресурстардың әлеуетін көтеретін кез келді. Осы мақсатта еліміздің экономикасын дамытуға мүмкіндік беретін адами ресурстардың дамыту жолында интеллектуалдық элита қалыптастыру үшін іс-шараларды өткізу өте құптарлық іс болып табылады.




4-сурет – Жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі

\*Ескерту: әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған [2]



5-сурет – Қазақстандағы жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі

\*Ескерту – [4] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған



6-сурет – Адам капиталының даму индексінің көрсеткіші

\*Ескерту: әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған[2]

Адами ресурстардың дамуы елдің ұзақ мерзімді стратегияларының жоғарғы басымдығы ретінде айқындалады. Экономикалық пайдалар болашақта жұмыс күшінің сапасы мен өнімділігін елеулі түрде арттыратын білім беру мен денсаулық сақтауға инвестициялар салумен тығыз байланысты. Сондықтан келесі он жылдықта білім беру мен денсаулық сақтау қызметтерінің сапасын арттыруға ерекше маңыз берілетін болады. Адам санының, бірінші кезекте, оның табиғи өсімі мен оңтайлы көші-қон саясатын жүргізу есебінен ұлғаюына зор көңіл бөлінеді. Отбасылық қолайсыздық пен әлеуметтік жетімдіктің, қараусыз және қадағалаусыз қалушылықтың, құқық бұзушылық пен қылмыстың

алдын алу мен сақтандыру мәселелерін шешетін балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінің тиімділігі арттырылады. Мемлекеттік жастар саясаты бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыруға бағытталады, ол әлеуметтік-саяси және экономикалық жаңаруларға қатысатын әлеуметтік белсенді топ болады. Отансүйгіштік сана сезімді, азаматтық жауапкершілікті арттыруға, белсенді қоғамдық көзқарас пен саламатты өмір салтын қалыптастыруға, кәсіпкерлік және инновациялық әлеуетті дамытуға, жас таланттарды табуға және қолдауға бағытталған жас ұрпақпен белсенді жұмыс жасаудың тиімді үлгісі әзірленетін болады [3].

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2012 ж. 15 желтоқсан.
- 2 The global talent index report: the outlook to 2015. Әлемдік инновациялық белсенділік индексі. – АҚШ, 2011.
- 3 Баталов Ю.В., Пестунова Г.Б., Денисова О.К. Управление экономикой Казахстана: Учебно-методическое пособие./ Под ред. Ю.В. Баталова. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2012. – 252 с.
- 4 [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) ҚР Статистика Агенттігінің ресми сайты.

#### References

- 1 Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti – Elbasy N.A. Nazarbayevtyn «Kazakhstan-2050» Strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty» atty Kazakhstan khalkyna Zholdauy//Egemen Kazakhstan, 2012 zh. 15 zheltoksan.
- 2 The global talent index report: the outlook to 2015. Alemdik innovatsiyalyk belsendilik indeksi, AKSh, 2011.
- 3 Batalov Yu.V., Pestunova G.B., Denisova O.K. Upravlenie ekonomikoi Kazakhstanana: Uchebno-metodicheskoe posobie./ Pod red. Yu.V. Batalova. – Ust`-Kamenogorsk:VKGTU, 2012-252 s.
- 4 [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) KR Statistika Agenttiginin resmi saity.